Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 3 (1214)

24.01.2025

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ЕЛІМІЗДЕ МАЛ КҮТУШІ МАМАНДЫҒЫ ЖОЙЫЛАДЫ

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ЖОЙЫЛАТЫН МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ТІЗІМІН ЖАСАДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ BAQ.KZ ТІЛШІСІ.

Министрлік әзірлеген Жаңа мамандықтар картасына сәйкес, алдағы уақытта 10-ға жуық мамандыққа сұраныс азаяды. Олар – ауылшаруашылығы, құрылыс, тау-металлургия салаларында екен.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА

- азық-түлікті қаптаушы-ораушылар;
- өнімдерді сұрыптаушылар;
- малшылар (мал күтуші);
- өнімдерді қолмен буып-түюшілер;
- ет өнімдерін әзірлеуші.

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДА

Министрлік өкілдерінің болжамы бойынша:

- 2025 жылға қарай – сәулетші-сызбашы;
- 2030 жылға қарай – шатыршы немесе үй төбесін жабушылар, сылақшылар, ал 2035 жылға қарай – монтажшылар мен осыған ұқсас мамандықтар жойылмақ.

ТАУ-МЕТАЛЛУРГИЯ КЕШЕНІНДЕ

2030 жылға бірқатар мамандық жойылуы мүмкін. **Олар:**

- нормалаушылар;
- ревизор;
- визуалды ақпарат жинаушыларға;
- сепараторшылар.

Ал 2035 жылға қарай бульдозер машинисі мамандығы жойылмақ.

Былтыр Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек елімізде сұранысқа ие мамандықтар туралы айтқан еді. Ал биыл 10 мамандықты сұраныс жоқ – деп, жойғысы келіп отыр.

Бізбен салыстырғанда Ғылым министрінің түсінігі жоғары екеніне таласымыз жоқ.

Бірақ ауылшаруашылығы саласында мал күтуші болмайды дегенді түсінсем бұйырмасын. Сонда малды кім бағады, жемді малға кім салады? Астын кім тазартады? Ит баға ма, әлде робот баға ма малды? Біздің ауылдарда осының бәрін жасайтын озық технология болса, онда кереметпіз ғой! Мал бағушыға бізде сұраныс жоқ па, әлде жекешеленіп кеткен шаруашылықтарда мал бағушылардың еңбегі төмен төленетендіктен бүгінде ешкім мал баққысы келмей ме? Мал бағушы мамандығы жойылса, мүмкін, ол мамандық енді басқаша аталынатын болар? Қаптаған сұрақ мазасыз күйге түсірді. Мал бағушы немесе малшы деген мамандық па, кәсіп пе? Мамандар мен кәсіпкерлер тізімінде – реестрінде осылар бар ма? Әлде олар өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етуші ме? Малсақ қазақ үшін мал ең бірінші орында тұрса, оны бағушы адамды енді осы мамандыққа оқытып барып басқаша атаймыз ба? Бас қатты. Ал Президент мал шаруашылығын өркендету туралы не деп еді? Асыл тұқымды малды өсіру үшін не істейміз?

Тағы бір жоғалатын мамандық мал өнімдерін тұтынушыға жеткізетін қаптаушы-ораушылар, қолмен буып – түюшілер. Олар жойылса, мал өнімдері тұтынушыға шашылып-төгілген күйі жеткізіледі ме? Мысалы фарш сияқты, сорпалық ұсақ сүйектер сияқты өнімдер. Ал азық-түлікті буып - түюшілер жоғалса не болмақ? Қантымыз бен ұнымызды, макарон өнімдерін, шәй мен басқа да азық-түлікті кім буып-түйеді? Әлде бұл мәселе де роботқа сеніп тапсырыла ма? Өнімді сұрыптаушылар да жоғалатын мамандықтар тізіміне кіргізіліпті. Сонда сұрыптаушылар болмаса тұтынушыға мойын жілігі мен жамбас жілігінің бағасы, ішек-қарны мен өкпе-бауыры, бассирағы бәрі бір сортпен сатыла ма? Әлде, оны да робот сұрыптай ма? Құс етін сұрыптаушылар да жойыла ма, әлде тек мал етін сұрыптаушылар ғана жойыла ма? Ет өнімдерін әзірлеуші деген мамандық та жойылады екен. Ол қандай мамандық? Білмейді екенбіз. Ол қалай әзірлейді ет өнімдерін? Қолдан жасай ма етті, әлде сойылған малдың етін боршалап бұзушы ма? Ғылым министрі осы мамандықты нақтылап, айырып жазғаны дұрыс болар еді.

Құрылыс саласында 2030 жылға қарай үй шатырын жабушылар, үй сылағын жасайтындар жойылады екен. 2035 жылға таман монтажшылар мен басқа мамандықтар (қандай екені айтылмапты) жойылмақшы. Тау-металлургия саласында да жойылатын мамандықтар бізге түсініксіз. Тіпті 2035 жылға таман бульдозерші мамандығы да жойылмақшы. Ол жойылса қазу жұмыстарын қандай техникамен жүргіземіз? Оған дейін ғалымдар супер механизмі бар робот-бульдозерлер ойлап шығара ма екен? ЖИ үй шатырын жауып, үй төбесін сылап бере ме екен?

Баян ТАҢАТАРОВА

БАСПАСӨЗ - 2025

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 4212 теңге.
қала және ауыл тұрғындары үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 5272,80 теңге.
заңды тұлға үшін
1 жылға – 8344,96 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 4212 тенге.
для городского и сельского населения через "Казпочту"
на год – 5272,80 тенге.
для юридического лица
на год – 8344,96 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

Жетісу облысында әлеуметтік сауда орындарының саны 12-ге жеткізілмек. Атап айтқанда, Талдықорған қаласында 7 стационарлық әлеуметтік нүкте, оның ішінде 5-уі әлеуметтік дүкен болса, қазір тұрғындарға ыңғайлы болу үшін тағы 5 көше сауда нысаны қосылып жатыр. Жетісу өңірінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандырудың екі тетігі бойынша 18 мың тоннадан астам өнім қоры бар. Оның 1 485 тоннасы картоп. «Жетісу» ӘКК тауарлық интервенцияларды тұрақты негізде әлеуметтік пункттерінде келісім-шарт бойынша азық-түлік өнімдерін сатумен айналысады.

* * *

Жетісу облысында 2025 жылдың қорытындысы бойынша орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету деңгейі 92,5% немесе 331 елді мекенді құрамақ. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметтері бойынша, осы кезеңде өңірде 321 ауылды қоса алғанда, 358 елді мекеннің 327-сі немесе 91,3%-ы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Айта кетсек, өңірдегі су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 3 935 шақырымды құрайды.

* * *

Облыста жел генераторлары мен энергия жинақтау жүйелерін шығаратын зауыт құрылысы басталды. Кәсіпорын «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасатын болады.

Жел генераторлары зауытының өндірістік қуаты жылына 2 ГВт генерацияны құрайды, сонымен бірге энергияны жинақтау жүйелерін шығару қуаты жылына 1 ГВт болады. Инвестиция көлемі 40 млн. АҚШ долларын құрайды,

300 жаңа жұмыс орны құрылады.

* * *

Қыс басталғалы 1,5 мыңнан астам адам құтқарылды және 200 бірлік техника қар құрсауынан шығарылды.

Азаматтық қорғау жүйесінің 2024-2025 жылдардағы қысқы төтенше жағдайларға дайындығы ТЖ алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында талқыланды. Дайындық іс-шаралары аясында күштер мен құралдар шеңбері өрістетілді, қар тазалау техникасының дайындығы қамтамасыз етілді, сондай-ақ халықты ықтимал қауіптер туралы жедел хабардар ету жүйесі жолға қойылды.

* * *

2025 жылы 12,4 млн тұрғын газбен қамтамасыз етіледі. Мемлекет басшысының «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайдың отырысындағы тапсырмасы бойынша 2024 жылы 1 700 шақырымнан астам газ құбыры салынып, 300 мыңнан астам азамат көгілдір отынға қол жеткізді. Елді мекендерді газдандыру халықтың өмір сүру сапасын жақсартып, экологияның ластануын төмендетеді, баламалы отын сатып алуға кететін қаражатты үнемдейді және өңірлердің инвестициялық тартымдылығын арттырады, деп хабарлайды Энергетика министрлігі.

* * *

2024 жылдың қорытындысы бойынша 78,1 мың отбасындағы 413,7 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Осы мақсатқа бюджеттен 39,5 млрд. теңге бөлінді, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

* * *

Талдықорған Ипподромында қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен шаңғы жарысынан ерлер, әйелдер және жасөспірімдер арасында Талдықорған қаласының ашық Чемпионаты өтті.

Аталмыш жарысқа 150-ден астам кәсіби спортшылардан бөлек қала тұрғындары қатысып, өз мықтыны анықтады. Шаңғы жарысы 14 жастан 63 жас және 63 жастан жоғары қала тұрғындары белсенділік танытты. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері бағалы сыйлықтармен марапатталды.

* * *

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Huawei компаниясымен жасалған келісім шарт негізінде жасанды интеллект пен виртуалды шындық зертханасы ашылды. Университеттің барлық білім беру бағдарламаларына 6 семестрде «Жасанды интеллекттің негізі» пәні енгізілді. Жетісу университетінің профессорлық және ұстаздық құрамы Coursera платформасында «Генеративті жасанды интеллект» дәрісі бойынша арнайы курстан өтті

* * *

2024 жылғы 25 қыркүйекте Италия мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлерінің, екі университет ректорларының қатысуымен филиалды ашу жөніндегі меморандумға салтанатты түрде қойылды.

Марке Политехникалық Университетінде оқу тегін, бірақ тіркеу жарналары төленеді. Жыл сайын Марке политехникалық университетінің кемінде 10 ғалымы сабақ береді. Соңғы оқу жылы және тәжірибеден өту Марке политехникалық университетінің базасында өтеді. Оқуды бітіргеннен кейін түлектер екі университеттің бакалавр дипломын алады.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

АЛАКӨЛДЕ 1 МЛН 725 МЫҢ ТУРИСТ ДЕМАЛДЫ

Бейсен Құранбек атындағы журналистер үйінде «Алакөлдегі айтулы істер: өткен жыл несімен ерекшеленді?» тақырыбында маңызды брифинг өтті.

Іс-шараға Алакөл ауданының әкімі Абдинов Алмас Сапарғалиұлы қатысып, ауданның өткен жылғы жетістіктері мен ағымдағы жылы жүзеге асырылатын жобалар туралы баяндады. Ол аудандағы әлеуметтік-экономикалық даму, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуы, туризм саласының өркендеуі және экологиялық мәселелердің шешілуі сияқты бірқатар маңызды тақырыптарды қамтыды.

Алакөлдің туризм саласындағы даму қарқыны ерекше атап өтілді. Әкімнің айтуынша, Алакөлге келуші туристер саны жыл сайын артып келеді. 2024 жылы 1 млн 725 мың турист демалып, 10 млрд 75 млн. теңгенің қызметі көрсетілді. Бұл аймақтың инфрақұрылымын жақсартуға серпін беріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етуде. Сонымен қатар, көлдің табиғи тазалығын сақтау және қоршаған ортаға зиян келтірмеу мақсатында арнайы шаралар қабылданған.

Әлеуметтік жобаларға да баса назар аударылды. Брифингте ауданның білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау салаларындағы жетістіктері туралы деректер ұсынылды. Ауданда әлеуметтік қолдау шараларына 679 млн. теңге бөлінді. Атаулы әлеуметтік көмек 303 отбасыға көрсетіліп, 4018 жұмыс орны ашылды. Сонымен қатар, «Жайлы мектеп» жобасы аясында Достық ауылында 600 орындық мектеп және 11 ауылда жаңа медициналық пунктердің құрылысы жүргізіліп жатқаны туралы да айтып өтті.

Іс-шараның соңында әкім алдағы жоспарлармен бөлісіп, Алакөл ауданында жүзеге асырылатын жаңа жобалар туралы айтты. Брифингке қатысқан журналистер өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, өңірдің даму перспективаларына оң баға берді. Аудан әкімі Алмас Сапарғалиұлы: *«Барлық жетістіктер – аудан тұрғындарының еңбегінің нәтижесі. Алдағы уақытта да осындай жүйелі жұмыс жүргізіліп, жаңа жобалар жүзеге асырылатын болады»,* - деп баяндамасын қорытындылады.

Назерке НАБИКЕНОВА

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Күні кеше Жетісу облысының Сарқан аудандық орталық ауруханасында жаңа технологиямен жабдықталған балалар оңалту орталығы ашылды. Оңалту орталығы жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар науқас балаларды қабылдап, ем-дом көрсетеді.

«Қамқорлық» оңалту орталығы айына 50 балаға дейін қабылдай алады. Орталықтың негізгі қызмет түрі баланың даму кезеңдерінде (3 жастан 18 жасқа дейін) кешенді оңалту. Ерекше балалар оңалтуды үздіксіз қажет ететіндіктен, әр 2-3 ай сайын оңалту мүмкіндігі бар. Бір оңалту курсы 21 күнтізбелік күнді құрайды.

Орталықта мультидисциплинарлық мамандар тобы: дәрігер невропатолог, дәрігер реабилитолог, емдік дене шынықтыру дәрігері, педиатр дәрігер, балалар ортопеді, сурдолог дәрігер, педагогикалық құрам, дефектолог маман, логопед маманы, кәсіптік терапевт маманы, балалар психологы жұмыс атқарады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

СЕНАТ ОТЫРЫСЫНДА ЗАҒИПТАРҒА АРНАЛҒАН ЗАҢ ҚАРАЛДЫ

Сенат отырсында «Зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша баяндама жасалды.

Заңның мақсаты 2013 жылғы 27 маусымда Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының дипломатиялық конференциясында қабылданған Зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялау болып табылады.

Аталған заң көру қабілеті бұзылған адамдар үшін әдеби және көркем шығармаларға қол жеткізуді жеңілдетуге, сондай-ақ кедергілерді жоюға және олардың физикалық қабілеттеріне қарамастан барлық азаматтар үшін білім мен жарияланған шығармаларға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қоса, бұл заң зағиптар мен нашар көретін адамдар үшін туындыларды көбейтуге, таратуға және жариялауға мүмкіндік беру мақсатында авторлық құқықтарға қатысты шектеулер мен ерекшеліктердің стандартты жиынтығын көздейді. Сондай-ақ зағиптар мен нашар көретін адамдарға арналған кітапханалар желісінің сақталуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы заң көру қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдарға қоғамның мәдени және әлеуметтік өміріне етене араласуына және халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуды жақсартуына мүмкіндіктер ашылады деген тұжырым бар.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

5 959 ҚАЛА ТҰРҒЫНЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН

Журналистер үйінде Талдықорған қаласы Мансап орталығы филиалының 2024 жылғы жұмыс қорытындысына арналған баспасөз мәслихаты өтті.

Іс-шарада филиал директоры Азамат Болатұлы өз баяндамасында орталықтың негізгі міндеттері – аймақта жұмыссыздықты азайту, жастардың кәсіби дамуына қолдау көрсету және еңбек нарығына сапалы мамандар даярлау екенін атап өтті. Орталықтың жыл бойы атқарған жұмыстары мен жетістіктерін таныстырылып, халықты жұмыспен қамту бойынша белсенді шаралар баяндалды.

– *2024 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша 5959 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылды, тұрақты жұмысқа 4081 адам орналасты, жастар тәжірибесіне 418 жас тартылды, «Күміс жас» жобасы бойынша 281 адам жұмыспен қамтылды, кәсіптік оқуға 240 адам жіберілді,* - дейді қалалық Мансап орталығының директоры Азамат Болатұлы.

Өткен жылы «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы аясында 121 адам, әлеуметтік жұмыс орындары бойынша 56 адам және «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы бойынша 4 адам жұмыспен толық қамтылған. «Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін гранттар» бағдарламасы тарапынан Талдықорған қаласына 30 грант беріліп, 2 түрлі бағытта кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар, пробацияда есепте тұрған 29 адамды жұмыспен қамту шарасы да орындалған. Оларға тұрақты түрде бақылау, кеңес беру және қолдау көрсетіліп, нәтижесінде 5 азамат жеке кәсіп ашып, 17 азамат түрлі ұйымдар мен жеке кәсіпкерлердің қарамағында жұмыс істеуде.

Талдықорған қаласының Мансап орталығының ықпалымен алдағы уақытта да халықты тұрақты және уақытша жұмыспен қамтуға бағытталған жобалар жалғасын таппақ. Жиын соңында 2025 жылдың алғашқы бос жұмыс орындар жәрмеңкесі 12 ақпан күні өтетіні хабарланды. Бұл жәрмеңке жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерді тікелей байланыстырып, аймақтағы жұмыссыздықты азайтуға ықпал етері анық.

Назерке ӨРКЕНҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАНДАЙ САЛЫҚТЫ ТӨЛЕП, ҚАЙСЫНАН БОСАТЫЛАДЫ?

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛГЕНІН АЙТТЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ BAQ.KZ ТІЛШІСІ. ДЕПУТАТТЫҢ СӨЗІНШЕ, БҰЛ ҰСЫНЫСТАРДЫҢ ТЕК БІР БӨЛІГІ ҒАНА.

1. Құмар ойындарға салынатын салықты көбейту

Құмар ойын бизнесі, әсіресе букмекерлік кеңселер, айтарлықтай қаржылық әлеуетке ие. Қазіргі Салық кодексі жобасында салық мөлшері 10% деңгейінде қарастырылған. Иә, бұл қазіргі деңгейден бірнеше есе жоғары, бірақ біз оны екі есеге арттырып, 20%-ға дейін көтеруді ұсындық. Бұл бюджетке қосымша жүздеген миллиард теңге түсім әкелуі мүмкін.

2. Банктер үшін КТС мөлшерлемесін арттыру

Үкімет жобасында банктер үшін корпоративті табыс салығы (КТС) 25% деңгейінде белгіленген. Бірақ біз бұл мөлшерлемені 30%-ға дейін көтеруді ұсындық. Бұл әділ шара, себебі банк секторының пайдасы өте жоғары. Әсіресе, қаржылық қызметтердің қымбаттауы мен дивидендтердің бірнеше есе өсуін ескерсек. Бұл бюджетке қосымша табыс әкеледі.

3. Алкоголь және трансмайларға акциз енгізу.

Алкогольдік өнімдер бірінші қажеттілікке жатпайтын тауар болғандықтан, оған акциздерді арттыру қисынды деп санаймыз.

Трансмайлар - арзан, бірақ өте зиянды, канцерогендік заттар. Оларды тамақ өнеркәсібінде кеңінен қолданады. Көптеген Еуропа елдерінің тәжірибесін ескере отырып, біз трансмайларға акциз енгізуді ұсындық. Бұл олардың қолданылуын азайтуға және өндірушілерді табиғи майларға көшуге ынталандыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл бюджетке қосымша табыс әкеледі.

4. Дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтерге ҚҚС (НДС) енгізуге қарсы түзету

Дәрі-дәрмектерге ҚҚС (НДС) енгізу дұрыс емес, себебі бұл ең осал топтарға - зейнеткерлерге, балаларға және мүмкіндігі шектеулі жандарға тікелей әсер етеді. Олай болса, дәрі-дәрмектер бағасы айтарлықтай қымбаттайды. Біз дәрі-дәрмектерді ҚҚС-тан босатуды көздейтін қолданыстағы норманы сақтап қалуды ұсындық.

ҚҚС енгізу азаматтар үшін, әсіресе зейнеткерлер мен мүгедектер үшін емдеу құнын арттырады. Бұл жағдай қолжетімділігі шектеулі медициналық қызметтерді одан әрі қиындатады. Сонымен қатар, біз медициналық қызметтер үшін КТС мөлшерлемесін төмендетуді ұсындық (қолданыстағы кодексте олар КТС төлемейді).

5. Банк операцияларына ҚҚС (НДС) енгізуді болдырмау

Үкіметтің банктік аударымдар мен басқа да банк операцияларына ҚҚС енгізу ұсынысы ақылға қонымсыз. Қазірдің өзінде банктер арасындағы аударымдар құны, ҚҚС енгізіледі деген болжаммен, өсіп жатыр (мысалы, Халық банктің картасынан басқа банктерге аударым 150 теңгеден 200 теңгеге дейін қымбаттады). ҚҚС қосылса, бұл банктердің емес, қарапайым азаматтардың шығындарын одан әрі арттырады. Біз бұл норманы қабылдамауды және негізгі қаржылық қызметтердің бағасының өсуіне жол бермеуді ұсындық.

6. Эндаумент қорларына қатысты түзетулер

Эндаумент қорлары әлеуметтік және білім беру саласындағы ұзақ мерзімді жобаларды қаржыландыруда маңызды рөл атқарады. Біз қайырымдылыққа жұмсалған сомаларды салықтан босатуды ұсындық. Бұл азаматтар мен компанияларды қайырымдылыққа қатысуға ынталандырады.

7. B2B мәмілелеріне арнайы салық режимі бойынша мөлшерлемені өзгертпеу

Біз мөлшерлемені 12%-дан 8%-ға дейін төмендетуді ұсындық. Бұл мәселе бизнестің пікірталастарында, соның ішінде Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның мүшелерімен кездесулерде жиі көтерілді.

Салықты көбейту шығындар құрылымын қайта қараусыз мүмкін емес. Егер бюджет кірісімен байланысты проблемалар айқын болса, басымдыққа ие емес шығындарды оңтайландыру логикалық қадам болады. Мемлекет басшысы бұл туралы бұған дейін де тапсырма берген. Мемлекеттік органдарға әкімшілік ғимараттар салу, үлкен стадиондар мен концерт залдарын тұрғызу, имидждік шаралар мен форумдар өткізу шығындарын қысқарту қажет, - деп жазды Мәжіліс депутаты.

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР ТУДЫРҒАН ЖАҢА ЗАҢ

2025 жылы енгізілген заңдар: заман талабы ма, әлде асығыс шешім бе? Қазақстанда бірқатар жаңа заң қабылданды, олардың кейбірі қоғамда қызу пікірталас тудырды. Әсіресе, көлікті 5 минуттан артық қыздыруға тыйым салу туралы заң – көпшіліктің наразылығын оятқан басты тақырыптардың бірі болды.

2025 жылы енгізілген бұл заң экологияны жақсарту, ауаға тарайтын зиянды газдардың мөлшерін азайту мақсатында қабылданды. Алайда, суық климатты аймақтарда тұратын жүргізушілер мен көлік иелері үшін бұл шешімнің қолайсыздығы анық байқалды. Қазақстанның солтүстік және шығыс өңірлеріндегі қыстың қатаң жағдайында көлікті бар болғаны 5 минут қыздыру жеткіліксіз.

«Қыстың суығында көлікті 5 минут қыздыру жеткіліксіз. Қозғалтқыш толық қызбай, көліктің ақаулары көбеюі мүмкін.

Сонымен қатар, терезелердегі мұз ерімей қалады, бұл жүргізушінің көру мүмкіндігін шектеп, апатқа әкелуі мүмкін», - дейді көлік жүргізушісі Манарбек.

«Біздің аймақта қыстың қақаған аязында көлікті 10-15 минут қыздыру қажет. Мұны елемей, тек 5 минутпен шектелу – дұрыс емес шешім. Көлікті дұрыс қыздырмау техниканың қызмет ету мерзімін қысқартады», - дейді ауыл тұрғыны Айдос.

«Менің ойымша, бұл заңда кейбір олқылықтар бар. Себебі жаңа көліктер бес минутта қызуға дайын болғанымен, Қазақстандағы барлық тұрғындардың жаңа көлік мінуге мүмкіндігі жоқ. Ескі көліктер үшін бес минут жеткіліксіз болады. Оның үстіне, қазіргі қыс мезгілінде көлікті дұрыс қыздырмау мотордың істен шығуына әкелуі ықтимал», - дейді қала тұрғыны Бауыржан.

«Мен бұл заңға қарсымын, себебі Астана қаласының тұрғыны ретінде мұнда ауа райы өте суық. Қыс мезгілінде аязды күндерде көлікті тек 5 минут қыздырып, жолға шығу мүмкін емес. Бұл уақыт мотордың қажетті температураға дейін қызуына жеткіліксіз. Егер көлік дұрыс қызбаса, оның жұмысы бұзылып, мотор істен шығады. Бұл әсіресе ескі көліктер үшін өте қауіпті», - дейді Астана қаласының тұрғыны Руслан.

Экология мәселесі аса өзекті болғанымен, бұл заңның климаттық ерекшеліктерді ескермеуі – көпшіліктің наразылығын тудырды. Мұндай шешімдер қоғамның бір бөлігін қолайсыз жағдайға қалдырып, заңның негізгі мақсатына жетуін қиындатады.

Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайы әртүрлі. Егер оңтүстік өңірлерде бұл заң тиімді болса, солтүстік өңірлерде керісінше мәселелер тудырып отыр. Сарапшылардың пікірінше, мұндай заңдарды қабылдауда аймақтық ерекшеліктер мен халықтың қажеттіліктерін ескеру маңызды.

Қоғамның кейбір мүшелері бұл өзгерістерді қолдағанымен, олардың асығыс әрі толық зерттелмей қабылдануы елдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа қауіп төндіруі мүмкін.

Экологияны жақсарту, елдің даму бағытын анықтау үшін жасалған қадамдар халықты қолайсыз жағдайға қалдырмауы керек. Мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайту үшін әрбір жаңа заңның пайдасы мен салдары алдын ала зерттелуі тиіс.

Зарина БЫЖЫБЕК

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ТІЛ БАЙЛАНЫСТЫРУШЫ ҚҰРАЛ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қазақ тілі болып бекітілгені баршаға аян. Ал, мемлекеттік тіл - бүкіл қазақстандықтардың тілі екені де жұртшылыққа белгілі. Сондықтан елімізде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе.

Ал бұл істің шешуі шыдамдылық пен табандылықты талап етеді және тілді үйрету зорлықпен емес, шынайы ынтамен ыңғайланатын шаруа. Қазақ тілін білуге міндеттеу ешкімнің құқығына қол салғандық болмайды. Мемлекеттік тілді білу – кәсіби талап. Қазақстандағы жастар мынаны білуі тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеуге мүмкін болмайды. Жалпы мәдениеті жоғары адам басқа тілдерді білуге өзі де ұмтылуға тиіс. Басқа шет елдерде халқының тілін білмесең, лауазымды қызметке орналасуды былай қойғанда, тіпті күніңді де көре алмайсың.

Тіл - қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Тіл - тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайтуға еліміздің саясатының басты басымдылығы болып қала береді. Еліміздің тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейтілді. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Ақиқатын айтсақ, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босыған халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен бойына дарыған, санасына сіңірген ана тілі болды. Біздің осындай халықтың қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Әр халықтың өз ана тілі бар. Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Тіл құдіреті ерекше. Тіл ұлттың жан дүниесі.

Қазақ тілінің қадір-қасиетін өзгеден бұрын өзіміз жете түсінуіміз қажет. Демек, ана тілін меңгеруді әрбір жанұя өзінің отбасынан бастауы қажет екені даусыз. Үй ішінде баламен қазақ тілінде сөйлесіп, оның сөздік қорын арттыра түсуге баса көңіл бөлген абзал. Күн сайын құлағына құйып, санасына сіңіріп отырса, баланың да ана тіліне деген аңсары ауып, ықыласы артары талассыз.

Анар НҰРҒАЛИЕВА,
Жетісу облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот әкімшісінің басшысы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҮКІЛІ ҮМІТІМІЗ ҮЗІЛМЕСІН...

Бақытым бар үшінші Отан деген,
«Құдай деген кім?» десе, Отан дер ем.
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ, кел дағы от ал менен...
(М. Мақатаев: «Үш бақытым»)

ИЯ, ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР, ЖОҒАРЫДА БАЯНДАЛҒАН ЖАЙДАН БЕРІ, МІНЕ, ТАБАНЫ ЖАЛПАҚ 15 ЖЫЛ ӨТІПТІ. НЕ ӨЗГЕРІС, ҚАНДАЙ ЖАҚСЫЛЫҚ БАР? ҚАЗАҚТА: «ӨТКЕНСІЗ, БҮГІН ЖОҚ, БҮГІНСІЗ ЕРТЕҢ ЖОҚ» ДЕГЕН ТӘМСІЛ ІСПЕТТІ ЖӘН СӨЗ БАР. ЯҒНИ, ҚАНДАЙ ІС БОЛМАСЫН, БАРЛЫҒЫ - КЕШЕГІ МЕН БҮГІНГІНІ САЛЫСТЫРУ, ЕРТЕҢГЕ ҮМІТ АРТУ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАНАДЫ. «БЫКА ЗА РОГА» ДЕП ОРЕКЕҢДЕР АЙТПАҚШЫ, СӨЗ «БИСМИЛЛӘСЫНДА» АЙТАРЫМ - ТІЛІМІЗ - МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕСІНДЕ КӨҢІЛ КӨНШІТЕР, ЕРТЕҢНЕН ҮМІТ КҮТТІРЕРЛІК ЖАҚСЫЛЫҚТАР КӨП.

Әрине, «Бәрі тамаша!» «Тілімізге алаңдарлық еш мәселе жоқ!» деп бөрікті аспанға атуға әлі ертерек. Парламент мінберінен, көмекшісі жазып берген мәтінді оқи алмай ежіктеп, тұтығып тұрған депутаттар әлі бар екендігі ащы болса да шындық. Атасы немересімен, анасы баласымен орысша шүлдірлесетін жанұялардың бар екендігін несін жасырамыз. Сол сияқты, дүкендерде, аэропорт, автобекеттердің билет сату кассаларында қазақша сұрасаң: «Я вас не понимаю, говорите по русский» деп, өзіңе шытынай қарайтындардың әлі кездесіп қалатын жағдайлары бұрынғыдай көп болмаса да, жоғала қойған жоқ. Осы орайда, бар жаңалықтың жаршылары: студент жігіттеріміз бен қыздарымыздың ана тілге деген құлшынысының артып, бірі бірінен қазақша сөйлеуді талап еткен бетбұрысы үкілі үмітімізді желбіреткендей... Қалай десек те, «мұз жіпсіп ери бастап, сең қозғалды!» дегенді қуаныш сезімді жасқанбай айта аламын.

Қазақта: «Бұлақ басынан тұнады» деген аксиома іспетті шындық сөз бар. Сол айтқандай, ең бастысы, Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік тіл - қазақ тілі мәселесіндегі ойы айқын, ниеті оң және ұстанған мақсаты берік. Міне...

ҚР-ның Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Республикалық «Ана тілі» басылымының 2025-жылдың 3 қаңтар №1 - санында осы газеттің бас редакторы Ерлан Жүніске берген сұхбаты жарияланды. Ия, ол не деді екен...?

Еліміздің экономикасынан бастап, әлеуметтік тақырып, ғылым, білім, жастар тәрбиесі, экология, басымыздан күні кешегі өткен қайғылы қаңтар қырғыны, ел қауіпсіздігі, Мемлекетімізді Парламенттік басқару жүйесіне көшіру, тағы да басқа сол сияқты қадау-қадау келелі мәселелерді қамтыған кең көлемді сұхбат жұртшылықтың көңілінен шықты. Әсіресе, сонау Кеңес одағы кезінен бергі тасада қалған,тапталып, еңсесін тіктей алмай жатқан мемлекеттік тіл - қазақ тілінің мәселесін тереңнен қозғауы - үміт отын жаққанын, жеке өз басым «бәрекелді!» деп шаттанып, аста төк қуанышпен қабылдадым. Қане, құлақ түре тыңдап көрелік:

«Ана тіліміздің болашағы жарқын екендігіне менің еш күмәнім жоқ. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды ұйымдастыру жолында маңызды рөл атқара береді. Бірақ, тіліміздің тұғырын нығайта береміз деп, оны басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне қарсы қоймау керек» деп, сақтық білдіреді мемлект басшысы.

Ия, асығыстық жасап, «артық қыламын деп, тыртық қылудан Құдай сақтасын. Әрине, тіліміздің тәлейі тез арада көтеріліп, тұғырына тік тұра қалғанын қалаймыз ғой, бірақ замана ағымы мен уақыт талабы атты өлшемдермен де санаспаса болмайтындығы тағы рас. Ел Президенті Ана тіліміздің тағдырына қатысты айтқан әңгімесінде: ***«Дүниежүзінде 7 мыңнан астам тіл бар. Соның ішінде үш мыңнан астам тілге жойылып кету қауіпі төніп тұр. Қазақ тілі бұл топқа кірмейді. Ана тіліміз 2024-жылы әлемде ең кең таралған тілдердің арасында 79-шы орынға тұрақтады. Қазақстанның азаматымын дейтін әрбір адам Президентімізге көмекші бола алатындай өз елінің патриоты болуға міндетті»,*** - дейді. Ия, Мемлекет басшысы бастап, қарапайым халық қостап, бір жағадан бас, бір жеңнен білек шығара білсек, ана тіл ғана емес, басқа да қай мәселеде болмасын, жеңіске жетіп, мерейіміз үстем болары хақ!

...Өзім қалам ұстаған журналист, кітап «кемірген» жазушы болғандықтан, Мемлекет басшысының кітап, кітап оқу туралы айтқан пікірлері көкейіме қонып тұр. Президентіміздің: «Кітап оқу-рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн» дейді сол сұхбатында Қасым-Жомарт Кемелұлы. Кітап туралы Президентіміздің бұл сөз қозғауы бірінші рет емес. Егер естеріңізде болса, сонау, 2020-жылдары үйіңізден қадам аттап шығу мұң болған «ковид» атты әлемді жайлаған жалмауыз дерт кезінде айтқан: «Осы мәжбүрлі сындарлы шақты пайдаланып, кітап оқыңыздар. Кітап оқу арқылы жан дүниеңізді байытып, рухани кемелденіңіздер!» деп, сүйікті халқына Үндеу тастады емес пе?! «Орынды сөз өрге басады» демекші, санасында саңылауы бар жандардың барлығы жаппай кітап оқу арқылы рухани баии түсіп, «ковид» дертінің жан күйзелісін жеңе білді. Оның ішінде осы жолдарды жазып отырған «бейшара» пендеңіз де бар.

Тағы бір қуаныш сезіммен айта кетер жаңалық: Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстанда Жаңа мереке - 23 сәуір «Ұлттық кітап күні» болып белгіленді. Осыған байланысты Мәдениет және Ақпарат Министрлігі тұңғыш рет «Ұлттық кітап» атты байқау жариялады. Бұл орайда, Министр Аида Балаева былай деп сыр шертеді: «Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының тарапынан руханият саласына үлкен қамқорлық көрсетіліп отыр. Биыл *(2024-жылы)* Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Қазақстан Жазушылыр одағымен «стратегиялық әріптестік» орнату бойынша үш жаңа Жобаны іске асырды. Жас қаламгерлерге арналған «Жазушылардың шеберлік мектебі» ұйымдастырылып, отандық және шетелдік беделді қаламгерлердің дәрістері мен шеберлік сыныптары өткізілді», - дейді Министр Аида Балаева.

– Мемлекет тарапынан авторлардың кітаптарын шығару, жас қаламгерлерді қолдау мақсатында, Президенттік арнаулы әдеби сыйлық, мәдениет және этносаралық бірлікті нығайту мақсатындағы әдеби конкурстар жарияланып, сыйлықтар тапсырылды, – деп, Аида Ғалымқызы бірқатар басылымдарда қуанышпен ағынан жарылған екен.

Конкурс демекші, елімізде мемлекеттік тіліміздi дамыту, қолданыс аясын кеңейту мақсатында әр аймақтарда «Тіл» оқу-

әдістемелік орталықтары құрылып, «Тіл конкурсы» өткізіліп жүр. Көркем әдебиет саласындағы «Меценат», Әр жанрлар бойынша «Алтын қалам», «Айбоз», мәдениет, этносаралық бірлікті нығайту мақсатында «Дарын», жас қаламгерлерге арналған президенттік арнаулы әдеби сыйлықтар тапсырылуда.

Осы жерде, «Заң» Медиа-корпорациясы ЖШС-ның төрағасы Досымбек Өтеғалиев пен Республикалық «Заң» газетінің бас редакторы Айнұр Сембаеваның жыл сайын *(өткен жылы 7-рет өткізді)*, қазақтың детектив жанрын қалаушы Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар конкурсын жариялау арқылы қазақ көркем әдебиетінің дамуы жолындағы еңбектерін атаған орынды... Бұл орайда, бір ұсыныс айтсам деймін. Бірқатар конкурстардың шартында бас бәйгеге ғана сыйлық қарастырылып, екінші, үшінші орын, «ынталандыру сыйлығы» атты сыйлықтар жоқ. Бұл, әсіресе, жас қаламгерлердің «ой, мүйізі қарағайдай» жазушылар тұрғанда, маған жол қайда...» деген сенімсіздік психологиясын тудырады да, байқауға қатысуға тәуекелі жетпейді. Сондықтан, «Бас бәйгеге» қаражатты үйіп-төге бермей, байқау шартында кейінгі орындарға да сыйлық беру жағын ойластырсақ. Солай ету арқылы жас талапкерлердің қызығушылығын оятып, қаламгерлікке тарту қажет.

Жоғарыда аталған істердің басы-қасында танымал жазушы, редакторлар Кеңесінің төрағасы, еліміз қаламгерлерінің төл ұйымы - Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов бастаған қаламгерлер көп еңбек етуде. Әсіресе, тәуелсіз еліміздің авангарды - қоғамдық ұйым - Қазақстан Жазушылар одағының 90 жылдық торқалы тойы қарсаңында аталмыш одақ қыруар іс жасады. Осы айшықты мерекеде одақ төрағасы Мереке Құлкенов осы қоғамдық ұйымның қалыптасу жолын қамтыған құнды да, бай баяндамасы көптің көңілінен шықты. Бұл тарихи мерекеге түркі тілдес елдердің ғана емес, Евразияның, көрші Ресейдің беделді қаламгерлері де қатысып, той мерейін арттыра түсті. Мәселен, бауырлас Түркия елінің Жазушылар одағының төрағасы, профессор Муса Қазым Арыжан, Евразия Жазушылар одағының төрағасы Уфук Тузман, Әзербайжан Жазушылыр одағының төрағасы Анар Рзаев, КХР Жазушылар одағы басқармасының мүшесі Ақбар Мәжит, сол сияқты қырғыз, өзбек,башқұрт, татарстан, якутия, чуваш елдері Жазушылар одағының төрағалары қатысып, құттықтау сөз сөйлеп, үлкен құрмет көрсетті. Сол сияқты, халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов пен атақты ақын Қасымхан Бегмановты Түркия Жазушылар одағының үлкен сыйлығымен марапаттап, «Алтын қалам» сыйлығын тапсырды. Сондай-ақ, Одақ төрағасының орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, академик, ақын Бауыржан Жақып «Қырғызстан Республикасының құрметті жазушысы» төсбелгісімен марапатталды. Міне, осы торқалы той арқылы, әлемдегі алыс, жақын елдердің біздің елге ғана емес, Қазақстан Жазушылар одағына деген сый-құрметін анық байқадық.

Аса қадірлі оқырман қауым, Ел Президенті Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың пәрмен беруінің нәтижесінде, тіліміз бен әдебиетіміздегі алға жылжу процесін байқап, үмітімізге қанат біткендей, қуаныш сезімге бөленіп отырғанымыз шындық.

Ия, үкілеген үмітіміз үзіле көрмесін...

Ғабдул - Сәбит Юсупов,
Қазақстан Жазушылар, Журналистер одағының мүшесі,
Қаратал ауданының құрметті азаматы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ АЯСЫНДА ОБЛЫС, ҚАЛА, АУДАНДАРДА «ЕҢБЕКПЕН ЕР АТАНҒАН» АТТЫ КӨШ КЕРУЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛМАҚ. БҰЛ ТУРАЛЫ ЖУРНАЛИСТЕР ҮЙІНДЕ ӨТКЕН БРИФИНГТЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМА БАСШЫСЫ ҚУАНЫШ СҮЛЕЙМЕНОВ БАЯНДАМА ЖАСАДЫ.

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДА ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚ БАСЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған болатын. Яғни аталған жобаның басты мақсаты түрлі мамандық иелерінің беделін арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын жүзеге асыру. Бұл бағытта ұрпаққа жеткізу, жас буынды еңбекке баулуға шақыра отырып, жұмысшы мамандықтары жылының бастамасы арқылы күнделікті қоғамның игілігі үшін жұмыс істейтіндерге қызығушылықты ояту.

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында облыс көлемінде мәдениет саласының мамандары басқа мәдениет саласы да жұмысшыларды қолдау мен ынталандыруда өз үлесін қосуды алғашқылардың бірі болып қолға алып отыр. Облыстық театр және филармония әртістері жұмысшылар алдында қойылымдар қойып, концерттер беріп, еңбегімен ер атанған тұлғалардың өмір жолы туралы насихаттайтын музей, галерея, кітапхана көрмелері таныстырылып, олардың демалысын қызықты әрі мазмұнды етуге атсалысу жоспарланған. Бұл шаралар жұмысшылардың рухани дамуын қамтамасыз етіп, олардың еңбекке деген ынтасын арттыратыны анық.

Жетісу облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты театр, филармония, музей, кітапхана, көркем өнер галереясы, халық шығармашылық орталығы ұжымдарымен бірлесе облыс көлемінде ауқымды жоба іске асырылады.

– Биылғы жыл «Еңбекпен ер атанғандар» деп жариялануына орай 24 қаңтар күні Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен М. Тынышбайұлы атындағы Жетісу облысының тарихи-өлкетану музейінде «Жұмысшы мамандықтары: кеше және бүгін» тақырыбындағы көрменің ашылу салтанаты өтеді. Шараны өткізу аясында Социалистік еңбек ерлерінің (Н.Алдабергенов, З.Тамшыбаева) жеке заттары, XX ғасырда ауыл шаруашылығында қолданылған еңбек құралдары, «Ажар» тігін фабрикасы мен «Жетісу» аяқ киім фабрикасының тауарларымен безендірілген көрме бойынша экскурсия жүргізіледі. Шарадан кейін бірден аудандарды аралап, мәдениет үйлеріне барып, театрланған қойылымдар мен шағын концерттер ұйымдастырамыз. Аталған бастама Ескелді ауданынан бастау алмақ, - дейді Қуаныш Сүлейменов.

Жобаның мақсаты жұмысшы мамандықтары жылын насихаттау, кәсіптердің мәртебесін көтеру және олардың маңыздылығына аса назар аудару. Сонымен қатар, әр еңбектің лайықты орны бар екенін өскелең ұрпақ жоба арқылы ескерсін. Сондықтан да жобаларды ұйымдастыруды ойластыру үстінде. Алдағы күндері театр сахнасынан жаңа 7 спектакль көрерменге жол тартпақ. Оның ішінде 4 спектакль биылғы жылдың еңбек адамдарына байланысты болады. Филармония ұжымының да түрлі концерттік бағдарламалары жоспарланған. Жетісу саз ансамблі, Мұхан Төлебаев оркестрі, Эстрадалық симфониялық оркестр, басқа да әншілер мен бишілердің басын қосып, ауылдарды аралайтын гастрольдік сапар жыл соңына дейін жалғасын табады.

БАҚ өкілдерімен сұрақ-жауап уақытында Маяковский атындағы кітапхананы 80 жылдығы атап өтілетін Жұматай Жақыпбаевтің атына ауыстыру жайлы ұсыныс айтылды. Бұл жайлы Қуаныш Сүлейменов:

– Бұл сұрақ орынды әрі өзекті тақырып. Аталған ұсынысты Әміре Әрін көптен бері қозғап келеді. Ономастика мәдениет басқармасына қатысты емес, ол біздің құзырымызға жатпайды. Сұрақ қоғамдық даму басқармасына қарайды. Қоғамдық даму басқармасы министрлікке ұсыныс тастаған, алдағы күндері шешімі жария болады. Мен өз тарапымнан Жұматай Жақыпбаевқа мектеп, кітапхананың атын беруге, ол кісіге арнап жазушылардың басын қосатын үлкен ғимарат салу да артық етпейтініне толықтай келісемін.

30 қаңтар күні қазақтың поэзия өнеріне, жалпы осы ақындық шыңның биігіне шыққан азамат, Мұқағалиден асып түспесе кем соқпайтын Жұматай Жақыпбаев 80 жасқа толады. Ақын-жазушылармен ақылдасып, сол күні Дәнеш Рақышев атындағы филармония залында үлкен әдеби сазды кеш өткіземіз. Облыстың басқа да мәдениет ошақтарында жыл бойы Жұматай Жақыпбаевқа арналған шаралар өткізіледі, - дейді.

Сонымен қатар, көрермен сауалдарының қатарында облыстағы мәдениет ошақтарының жоғарыда аталған үлкен жиындарды өткізуге жағдайы жарай ма деген сұрақ болды.

– Облыста 136 мәдениет үйі бар болса, оның барлығы мәдени қызмет атқаруға дайын. Соңғы 2 жылда облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың тұрткі болуымен мәдениет ошақтарына күрделі жөндеу жұмыстары, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, материалдық-техникалық базалар жаңартылуда. Бұның бәрі үлкен жетістік, **-** деді Жетісу облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқарма басшысы.

Шынымен де соңғы жылдары облыстағы мәдениет саласына айтарлықтай қолдау көрсетілуде. Мысалы, өткен жылы 12 блокты-модульді мәдениет үйлерінің салынуына қаражат бөлініп, оның 8-і жаңа жыл қарсаңында ауыл азаматтарының қолданысына беріліп, тұсаукесері өткен болатын. Ал қалған 4 мәдениет ошағына бүгінде құрылыс жұмыстары жасалып, халық игілігіне тапсыруға әзірленуде.

2025 жылға 136 мәдениет үйінен бөлек, 17 блокты-модульді клуб салуға қаржы қарастырылған. 5 мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жасалып жатыр. Жалпы 30 мәдениет ошағын жұмысқа қосу мақсат етіп қойылған. Аталған істің барлығын жыл соңына дейін тәмамдап, жақсы жаңалықпен бөлісетін күн алыс емес.

Тағы бір ауыз толтыра айтар жаңалықтың бірі аудан, ауыл мәдениет үйлеріне сахналық киімдер тігуге 125 млн. қаражат бөлініп, әр ауылдық мәдениет үйінің бюджетіне 2,5 млн. қаржы жіберілген. Игі бастама наурыз-сәуір айларында аяқталып, сахналық киіммен барлық ауылдық мәдениет ошақтары қамтылады. Одан бөлек, Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай облыс көлемінде орнатылған ескерткіштердің абаттандыру жұмыстарына 185 млн. қаржы бөлінген. Бұл жұмыстар да 9 мамырға дейін өз нәтижесін көрсетпек. Жаркент қаласында орналасқан Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар мен сол кездегі қолданыста болған қару жарақтар, жеке заттар қойылған Даңқ мұражайының күрделі жөндеуіне де қаржы бөлінді. Кітапханаларға да республикалық бюджеттен 988 млн. қаражат бөлініп, оның 500 млн. қаржысы Кербұлақ ауданына орталық кітапхана салуға берілді. Ауылдардағы мәдениет мамандарын қамту мақсатында 30 штаттық бірлік қарастырылып, жұмысшылардың еңбекақысы 30%-ға көтерілген.

Өткенімізді жаңғыртып, болашағымызды жарқын ету үшін мәдениет саласындағы өзгерістердің маңызы зор. Ол ұлттың рухын, бірлігін сақтап, келешек ұрпаққа үлгі-өнеге болады. Көңілді көншіткен оң өзгерістер облыстағы мәдениет саласының дамуына айтарлықтай әсер етері сөзсіз. Айтулы бастамалардан жақсы хабар күтеміз.

Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ

Дүйсенбі - Понедельник, 27 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Фиш и Чипс»
09.30 Сериал «Мама лора»
11.30, 19.30 «Тамаша»
12.00 President
12.30, 22.45 «Келінжан-4»
14.00, 20.00 Т/х «Өмір ғажап»
16.00, 23.15 Сериал
18.00 Новости
18.30 «Әлеумет»
19.00 Жаңалықтар
21.45 Т/х «Дос пен дұшпан»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сіту»
07.00 «Koremiz» бағдарламасы
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Подмена»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike» бағдарламасы
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Невскии»
00.10 «Серафима прекрасная»
01.05 «Новости»
01.20 «Жаңалықтар»

КТК

07.05 Кел, шырқайық
08.05 «Қыл үстіндегі тағдыр-2
10.00 «Парад юмора»
12.00 «Маруся», мелодрама
15.40 «Поцелуй»,
17.30 Реальная мистика», реалити-шоу.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Чужие грехи»,
23.40 «Холодные берега. возвращение»
01.40 «Поцелуй»
02.25 «Өткен күндер-1»
05.20 Астарлы ақиқат»
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Ел іші - өнер кеніші»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Абадан»
11.00 «Шіркін-ай»
12.00 «Әсем әуен»
12.40 «Шашу»
13.30 «Туынды тарихы»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Ұры бала»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
07.30 «Tik Tok show» ойын-сауық бағдарламасы
08.00 «Буба»
09.00 «Команда Мстители»
09.30 «Құйынды мекен»
11.00 Телесериал
12.00 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
12.20 «Ажырасам»
14.10 «Анаконда»
16.00 «Анаконда-2»
18.00 «Близнецы-Драконы»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Заложница»
22.50 «Құйынды мекен» телехикаясы
00.20 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
01.30 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02.20 Time Vine
02.50 «Tik Tok show» ойын-сауық бағдарламасы
03.20 «What's up?» ойын-сауық бағдарламасы
04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04.30 Бала батл
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 «Ата-ана. Бала-шаға»
07.00, 18.30 «Сезім үшін»
08.00, 17.00, 18.15 «АБЫСЫНДАР-2»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 «Бесценное Время»
12.50 «Челночницы»
14.40 «Белый плен»
18.00 Жаңалықтар.
19.30 Новости
19.50 Кухня Великолепного Века
22.40 «Семейные узы»
00.40 Шоу «Маска»
03.30 Жаңалықтар
03.45 Новости
04.05 «Әкесінің баласы»
04.35 «Жеңіп көр»
05.15 «Қуырдақ»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«МТП Семиречье» ЖШС жұртшылықты 2025 жылдың 3 ақпаны мен 7 ақпаны аралығында «МТП Семиречье» ЖШС Талдықорған қаласы Жетісу облысы үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°00'21,67» СШ, 78°38'53,12 ВД.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы - «МТП Семиречье» ЖШС Талдықорған қаласы, Абая көшесі 372. тел.: 8 701 626 1276, e-mail: ip.mussanov_s@mail.ru.

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 87773433466. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі,

тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail:7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қ., көш. Қабанбай батыр, 26. LEB сайтына https://ecoportal.kz және бастамашының https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru сайтына сілтеме.

Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сайтында қабылданады. «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және электрондық пошта: 7su_expertiza@mail.ru.

Сейсенбі - Вторник, 28 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?»
07.00 «Оян»
09.00 Мультсериал «Фиш и Чипс»
09.30 Сериал
11.30, 19.30 «Тамаша»
12.00 «Көзқарас»
12.30, 22.45 Телехикая
14.00, 20.00 «Өмір ғажап»
16.00, 23.15 Сериал
18.00 Новости
18.30 «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
21.45 «Дос пен дұшпан»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сіту»
07.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 «Шулер»
13.00 «Пусть говорят»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Қоslike» бағдарламасы
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Қыл үстіндегі тағдыр-2»
09.10 Вечерние новости (повтор)
09.50 «Холодные берега. возвращение
11.50 «Чужие грехи», мелодрама (повтор)
13.40 «Маруся», мелодрама
17.30 «Реальная мистика», реалити-шоу
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат», ток- шоу.
21.00 вечерние новости
21.40 «Чужие грехи», мелодрама.
23.40 «Холодные берега. возвращение»,
01.40 «Маруся», мелодрама (повтор)
02.25 «Өткен күндер-1»
05.20»Астарлы ақиқат» (қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.15 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Жүргізуші»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Сіз не істедіңіз?»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 Информбюро (рус. каз.)
07.50 «Tik Tok show»
08.30 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Команда Мстители»
09.30 «Құйынды мекен» телехикаясы.
11.00 Телесериал
12.00 «Time Vine»
12.30 «Патриот»
15.40 «Заложница»
17.30 «Звездный десант»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Заложни Ца-3»
23.00 Телехикаясы
00.30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
01.30 «Келіндер бәйгесі»
02.20 «Time Vine»
02.50 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?» ойын-сауық бағдарламасы
05.20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7 КАНАЛ

06.02 «Ата-ана. Бала-шаға»
07.00, 18.30 Телехикая
08.00, 17.00, 18.15 «Абысындар-2»
09.25.03.10 Жаңалықтар
09.40, 03.25 Новости
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
13.00 Сериал «Челночницы»
15.00 «Верю не верю»
18.00 Жаңалықтар.
19.30 Новости.
19.50 Кухня Великолепного Века
22.40 Сериал «Семейные узы»
00.40 Шоу
03.45 Телехикая «Әкесінің баласы»
04.35 «Жеңіп көр»
05.25 «Қуырдақ»

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Бәрімізге белгілі, әрбір салымшының жинақтаушы зейнетақысы оның зейнетақы жарналары және жинақталған инвестициялық кірісі есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасына тікелей байланысты.Зейнет жасына толғанда немесе Әлеуметтік кодексте көзделген өзге де жағдайлар туындған кезде салымшы БЖЗҚ-дан тұрақты төлемдер ала бастайды.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Әдістемеге сай, зейнетке шығатын азаматтарға ай сайын жасалатын төлем былай есептеледі: төлем ала бастайтын алғашқы жылы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының 6,5% төлем мөлшерлемесіне көбейтіліп, 12-ге бөлінеді. Одан кейінгі жылдары ай сайынғы төлем зейнетақы төлемдерін индекстеудің5%мөлшерлемесіне ұлғайып отырады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы төлем республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күн көріс деңгейінің (бұдан әрі - КД) кемінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2025 жылғы ең төменгі күнкөріс деңгейі - 46 228 теңге). Қордан берілетін төлемдердің ең жоғары мөлшері шектелмейді және алушының зейнетақы жинақтарының сомасына байланысты.

Мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеп, зейнет жасына толған, олардың пайдасына жиынтығында кем дегенде алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген адамдар сияқты белгілі бір санаттағы алушылар үшін Әдістемеде ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуінен артығын қанағаттандыратын адамдар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады. Жеке зейнетақы жинақтары салымшының меншігі болғандықтан, олар азаматтық заңнамада көзделген жалпы тәртіппен мұраға да қалдырылады.

«БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар»

3) Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары мұраға беріле ме?

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бірінші төлем түскен кезде автоматты түрде ашылатын және жұмыскерлердің меншігі болып табылмайтын шартты жинақтаушы шоттарға аударылады. Тиісінше, оларды мұраға қалдыруға болмайды. Жүйеден шыққан (ҚР азаматтығынан айырылған немесе қайтыс болған) адамдар үшін төленген жарналар қалған қатысушылар арасында бөлініп, өмір бойы төленетін болады.

4) Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және/немесе емделу ақысын төлеуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға болатын қолжетімді соманы қалай тексеруге болады?

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) жүзеге асыру, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушыға міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен сенімгерлік басқаруға беруге болатын зейнетақы жинақтарының қолжетімді сомасы туралы ақпаратты мынадай тәсілдермен алуға болады:

- БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинетте;
- БЖЗҚ ұялы қосымшасындағы жеке кабинетте;
- eGov.kz веб-порталы мен eGov mobile ұялы қосымшасында.

Қадамдық нұсқаулық enpf.kz сайтында орналастырылған.

5) Салымшы өзінің зейнетақы жинағының жай-күйін қалай қадағалай алады?

БЖЗҚ-да шот ашқан кезде шоттардың жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілі болып, әдетте, enpf.kz сайтындағы немесе БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасындағы жеке кабинет арқылы алу әдісі айқындалады. Бұл мүмкіндік шоттары бұрын ашылған тұлғаларға да берілген. Алғаш рет жүгінген кезде қарапайым тіркелу рәсімінен өту жеткілікті.

Сондай-ақ, салымшылар шоттардың жай-күйі туралы ақпаратты egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы ала алады.

Егер салымшылар (алушылар) бұрын ақпарат алудың "электрондық пошта арқылы" немесе "пошта байланысы қызметтері арқылы" тәсілдерін таңдаған болса, онда бұл тәсілдер шот иелері оларды өз бетінше (жеке кабинет немесе БЖЗҚ кеңсесі арқылы) өзгертпейінше әрекет ететін болады. Бұл ретте Сіз өз шоттарыңыздың жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде өзекті электрондық мекенжайыңыз немесе тұрғылықты мекенжайыңыз көрсетілген жағдайда ғана аласыз.

Заңнамаға сәйкес, электрондық немесе тұрғылықты мекенжайыңыз өзгерген жағдайда, бұл туралы БЖЗҚ-ға 10 күнтізбелік күн ішінде хабарлау қажет. Жаңа электрондық немесе тұрғылықты мекенжайыңыз туралы хабарламаған жағдайда, бұрынғы мекенжайыңыз бойынша жіберілген хабарлама (үзінді көшірмесі бар конверт) БЖЗҚ-ға қайтарылады және болашақта Қор салымшы (алушы) жаңа мекенжайы туралы хабардар еткен сәтке дейін ақпарат беруді (жеткізуді) жүзеге асырмайды.

Электрондық мекен-жайыңызды немесе тұрғылықты мекен-жайыңызды қоса алғанда, өз деректемелеріңізді БЖЗҚ сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы жеке кабинетте де өзектендіруге болады.

Қазақстандағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының мөлшері ұлғайтылды

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) мөлшері ұлғайды. Қазір ол - 2,5%.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық жұмыс берушілер зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға қатысып, БЖЗҚ-ға жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасын (ЖМЗЖ) өз қызметкерлерінің пайдасына аудара бастады. Осылайша, Қазақстанның жинақтаушы жүйесі жаңа құрамдауыш бөлікпен толықтырылды.

Әлеуметтік кодекске сәйкес, қызметкерлер өз кірістерінен төлейтін 10% міндетті зейнетақы жарналарынан (МЗЖ) айырмашылығы – ЖМЗЖ-ны жұмыс беруші өз қаражаты есебінен аударады. Жыл сайын ЖМЗЖ мөлшері кезеңкезеңімен өсіп отырады (2024 жылы 1,5%, 2025 жылы 2,5%, 2026 жылы 3,5%, 2027 жылы 4,5%) және 2028 жылы 5% жетеді. Жұмыс берушінің ЖМЗЖ есептеу үшін қабылдайтын жұмыскердің табыс сомасы тиісті күнтізбелік жылға белгіленген ең төменгі жалақының (ЕТЖ) кем дегенде біреуін және көп дегенде 50-еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

Жұмыс берушілер зейнет жасындағы, 1-ші және 2-ші топтағы мерзімсіз мүгедектігі бар, әскери қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ 1975 жылдың 1 қаңтарына дейін туған адамдардың пайдасына ЖМЗЖ төлеуден босатылды. Жұмыс берушілердің ЖМЗЖ-ны уақытылы және толық төлеп отыруын бақылау ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне жүктелген.

Қызметкерлердің жеке зейнетақы шоттарына түсетін МЗЖ-дан тағы бір ерекшелігі, ЖМЗЖ шартты зейнетақы шоттарына есептеледі және қызметкерлердің меншігі болып саналмайды. Тиісінше, ЖМЗЖ есебінен қалыптасқан жинақтарды қызметкерлер мұраға қалдыра алмайды. ЖМЗЖ зейнетақыны ортақ (таратушы) қағидаты бойынша төлеуге арналған. Сондықтан, Қазақстан азаматтығынан айырылған немесе қайтыс болған адамдар үшін төленіп келген ЖМЗЖ қалған қатысушылар арасында бөлініп, өмір бойы төленетін болады.

ЖМЗЖ енгізу 1975 жылы және одан кейін туған жұмысшылардың ортақ зейнетақы алуға мүмкіндік беретін 1998 жылға дейінгі жұмыс өтілінің жоқтығын немесе мүлде аз екендігін ескере отырып, осы азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыруға бағытталған. Болашақта олардың жиынтық зейнетақысы үш құрамдауыш кезден, яғни базалық - мемлекеттен, жинақтаушы - БЖЗҚ-ға аударған міндетті зейнетақы жарналары және шартты-жинақтаушы - жұмыс берушілердің жарналары есебінен қалыптасатын болады.

В новом году продолжится рост накопительной пенсии

С 1 января 2025 года, благодаря росту пенсионных накоплений, ежегодному повышению социальных параметров и индексации выплат, продолжится увеличение размеров пенсионных выплат из ЕНПФ тем, кто только начинает или продолжает получать свою накопительную пенсию.

Как известно, накопительная пенсия каждого вкладчика зависит от суммы его пенсионных накоплений, сформированных за счет пенсионных взносов и накопленного инвестиционного дохода. При достижении пенсионного возраста или иных условий, предусмотренных Социальным кодексом, вкладчик начинает получать регулярные выплаты из ЕНПФ.

Напомним, что выплаты из ЕНПФ осуществляются согласно Методике осуществления расчета размера пенсионных выплат, утвержденной Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2023 года. В соответствии с ней, ежемесячная выплата гражданам, выходящим на пенсию, рассчитываются следующим образом: в первый год получения выплат сумма пенсионных накоплений умножается на ставку выплат пенсионных накоплений 6,5% и делится на 12. В последующие годы ежемесячная выплата увеличивается на ставку индексации пенсионных выплат в размере 5%. При этом ежемесячная выплата из ЕНПФ осуществляется в размере не менее 70% от прожиточного минимума (далее - ПМ),установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете (в 2025 году ПМ- 46 228 тенге). Максимальный размер выплат из ЕНПФ не ограничен и зависит от суммы пенсионных накоплений получателя.

Для следующих категорий граждан: лица с инвалидностью 1 или 2 групп, установленной бессрочно, а также лица, достигшие пенсионного возраста, за которых уплачены обязательные профессиональные пенсионные взносы в совокупности не менее шестидесяти месяцев, Методикой предусмотрены поправочные коэффициенты, повышающие рассчитываемый размер ежемесячной пенсионной выплаты. Для лиц, удовлетворяющих более чем одному из вышеуказанных условий, применяется поправочный коэффициент с наибольшим значением.

Пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений на индивидуальном пенсионном счете. Поскольку индивидуальные пенсионные накопления являются собственностью вкладчика, они также наследуются в общем порядке, предусмотренном гражданским законодательством.

«Актуальные вопросы о ЕНПФ»

Обязательные пенсионные взносы работодателя зачисляются на условные накопительные счета, которые открываются в автоматическом режиме при поступлении первого платежа и не являются собственностью работников, соответственно, их нельзя унаследовать. Взносы, которые были уплачены за лиц, выбывших из системы (утративших гражданство РК или умерших) будут распределяться между оставшимися участниками и будут выплачиваться пожизненно.

4) Как проверить доступную сумму для единовременных пенсионных выплат на улучшение жилищных условий и/или лечение?

Информацию о сумме пенсионных накоплений, доступной для осуществления единовременных пенсионных выплат (ЕПВ) за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), а также для передачи в доверительное управление управляющему инвестиционным портфелем за счет ОПВ, обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), добровольных пенсионных взносов (ДПВ) можно получить следующими способами:

- в личном кабинете на сайте ЕНПФ;
- в личном кабинете в мобильном приложении ЕНПФ;
- на веб-портале eGov.kz и в мобильном приложении eGovmobile.

Пошаговая инструкция размещена на сайте enpf.kz

5) Каким образом вкладчик может контролировать свои пенсионные накопления?

При открытии счета в ЕНПФ способ предоставления информации о состоянии счетов по умолчанию определяется посредством личного кабинета на сайте enpf.kz или в мобильном приложении БЖЗҚ/ЕНПФ. Данная возможность предоставлена также лицам, у которых счета были открыты ранее. При первичном обращении достаточно пройти несложную процедуру регистрации.

Также информацию о состоянии счетов вкладчики могут получить через портал электронного правительства egov.kz.

Если вкладчики (получатели) ранее выбрали способы информирования "по электронной почте" либо "посредством услуг почтовой связи", то эти способы будут действовать до тех пор, пока владельцы счетов их не изменят самостоятельно (через личный кабинет либо в офисе ЕНПФ).При этом вы получите информацию о состоянии своих счетов только в том случае, если в информационной системе ЕНПФ указан актуальный электронный адрес или адрес места жительства.

Согласно законодательству, в случае изменения электронного адреса или адреса проживания, необходимо сообщать об этом в ЕНПФ в течение 10 календарных дней. В противном случае отправленное по прежнему адресу сообщение (конверт с выпиской) вернется в ЕНПФ и в дальнейшем Фонд не будет осуществлять рассылку (доставку) до момента оповещения вкладчиком (получателем) о новом адресе.

Актуализировать свои реквизиты, включая электронный адрес или адрес места жительства, также можно в личном кабинете на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ.

В Казахстане повышен размер обязательного пенсионного взноса работодателя

С 1 января 2025 года в Казахстане размер обязательного пенсионного взноса работодателя (ОПВР)составит 2,5%.

Напомним, что с 1 января 2024 года все работодатели стали участвовать в формировании пенсионных накоплений и перечислять в ЕНПФ обязательные пенсионные взносы работодателей (ОПВР) в пользу своих работников. Тем самым, накопительная система Казахстана была дополнена новым компонентом.

Согласно Социальному кодексу, в отличие от 10% обязательных пенсионных взносов (ОПВ), уплачиваемых работниками из своих доходов, ОПВР перечисляются за счет собственных средств работодателя.Ежегодно размер ОПВРбудет поэтапно расти (1,5% в 2024 году, 2,5% в 2025 году, 3,5% в 2026 году, 4,5% в 2027 году) и в 2028 году составит 5%. Сумма дохода работника, принимаемаяработодателем для расчета ОПВР, составляет неменее однойминимальной заработной платы (МЗП) и не более50-тиМЗП, установленной на соответствующий календарный год.

Работодатели освобождены от уплаты ОПВР в пользу следующих работников – лиц пенсионного возраста, лиц с бессрочной инвалидностью 1-й и 2-й групп, военнослужащих и приравненных к ним лиц, а также лиц, родившихся до 1 января 1975 года.Контроль за своевременностью и полнотой уплаты работодателем ОПВРвозложен на комитеты государственных доходовминистерства финансов РК.

Стоит учесть, что в отличие от ОПВ, поступающих на индивидуальные пенсионные счета работников, ОПВР зачисляются на условные пенсионныесчетаине являются собственностью работников. Соответственно, накопления, сформированные за счет ОПВР, работники не могут наследовать. ОПВР предназначены для выплаты пенсий по солидарному (распределительному) принципу. Поэтому ОПВР, которые ранеебыли уплачены за лиц, в дальнейшем утративших гражданство Казахстана или умерших, будут распределяться между оставшимися участниками и будут выплачиваться пожизненно.

Введение ОПВР направлено на пенсионное обеспечение работников, родившихся в 1975 году и позже, учитывая отсутствие или незначительность у них стажа работы до 1998 года для получения солидарной пенсии.В будущем их совокупная пенсия будет складываться из трех компонентов: базовой пенсии - от государства, накопительной - за счет их отчислений ОПВв ЕНПФ и условно-накопительной - за счет взносов работодателей.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

АТҚАРУ ПАРАҒЫН ОРЫНДААТАТЫН АДАМ

ГАЗЕТ БЕТТЕРІНДЕ ЖАРИЯЛАП ТҰРАТЫН МАҚАЛАЛАРЫМЫЗДА ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ ЖАЙЛЫ ЕГЖЕЙ ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТТАР БЕРУГЕ ТАЛПЫНЫП ОТЫРАМЫЗ. ӨЙТКЕНІ, КОЛЛЕКТОРЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫМЕН ШАТЫСТЫРЫП, ОЛАРДЫҢ ҮСТІНЕН СОТҚА АРЫЗДАНЫП, АЛТЫН УАҚЫТТАРЫ МЕН БІРШАМА ҚАРЖЫЛАРЫН ЖҰМСАП ЖҮРГЕН АЗАМАТТАР ДА ӘЛІ АЗ ЕМЕС. СОНДЫҚТАН, ОРАЙЫ КЕЛГЕНДЕ ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ ЖАЙЛЫ ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА ТАҒЫ ДА МАҒЛҰМАТТАР БЕРЕ КЕТСЕК АРТЫҚ БОЛМАС.

Құқықтық қағидат бойынша сот орындаушысы мемлекеттік және жеке болып екі типке бөлінеді: олардың екеуі де атқарушылық құжаттарды (сот шешімі) орындау жөнінде заңмен жүктелген функцияларды орындайды. Қарапайым тілмен айтсақ, атқару парағын орындататын адам. Атқару парағы деген - сот шешім не үкім шығарғанда беретін құжат. Онда жазылғандар (мысалы қарызды қайтару, моральдық өтемақы төлеу) міндетті түрде орындалуы керек, яғни сот орындаушысы сот шешімін орындатады.

Алайда, мемлекеттік сот орындаушысы мен жеке сот орындаушысының арасында айырмашылық бар. Атап айтқанда, мемлекеттік сот орындаушысы - сот шешіміне сәйкес атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындауға бағытталған шараларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызметте тұрған және өзіне заңмен жүктелген функцияларды орындайтын лауазымды адам. Ал, жеке сот орындаушысы (ЖСО) болса ол уәкілетті орган берген атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензия негізінде заңды тұлға құрмай-ақ атқарушылық құжаттарды орындау бойынша жеке практикамен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматы. Жеке сот орындаушысының лицензиясы шектеусіз мерзімге берілетін бас лицензия болып табылады және Қазақстанның бүкіл аумағында қолданылады. Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы елдің барлық аймақтарында бар.

Сот орындаушысы сот шешіміне сәйкес атқарушылық құжатқа сәйкес заң аясында ғана әрекет етеді. Мысалы: адам қарыз бойынша борышты қайтармағандықтан кредиторлар оны сотқа берді делік. Сот талап-арызды кредиордың пайдасына қанағаттандырған жағдайда, борышкер сот шешімін орындауға не оны заңнамада белгіленген мерзімде даулауға міндетті. Сайып келгенде, егер қарыз алушы бүкіл уақыт ішінде кредитор алдындағы берешегін өтемесе немесе апелляцияға бермесе, кредитор сотта атқару парағын алғаннан кейін, борышты банк арқылы не Республикалық ЖСО палатасы арқылы мәжбүрлеп өндіріп ала алады. Сонда олар ЖСО көмегіне жүгінеді. Өз кезегінде қатаң түрде «Атқарушылық іс жүргізу туралы» ҚР Заңында белгіленген схемамен әрекет ете отырып, іс жүргізу ашылған кезде жеке сот орындаушысы борышкерді хабардар етеді, SMS-хабарлама автоматты түрде жіберіледі, сот орындаушысы мәжбүрлеп орындау шараларын қабылдайды, борышкердің банктік шоттарындағы ақшалай қаражатты өндіріп алынатын сома шегінде бұғаттайды.

Айгерім АСБЕКОВА,
Жетісу облысының
жеке сот орындаушысы.

ТАБИҒАТ

ОРМАН - ЕЛ ДӘУЛЕТІ, ЖЕР СӘУЛЕТІ

Адам денсаулығы көбіне қоршаған ортадағы экологиялық ақуалға байланысты. Ал, оны жақсартатын жасыл желек екені даусыз. Тал-шыбықтың құнды қасиеттеріне орай бір көрнекті ғұлама: «Тегінде бір нәрсеге бас ию керек болса, онда ағаштарға бас иіп, тәжім ету керек. Өз өміріне қажеттің бәрін адам осы ағаштан алады» деген екен.

Орман – мол өнімнің негізі, мол сулы өзендердің жәрдемшісі. Орман – жан-жануарлар мекені, ол адамдардың жанын сергітерлік демалу орны. Ендеше өзіне теңдесі жоқ табиғат лабораториясының қызметін бұзбай, оның барынша жетіле түсуіне борыштымыз. Орман қорғау – орман қорын тиімді пайдалану, оны толықтыру, өрттен, зиянкестерден және аурулардан қорғау. Жыл сайын тұқымбақ шаруашылығын одан әрі дамыту, өсірілетін көшеттердің түрлерін көбейту, өнімділігін арттыру шаралары жүргізілуде.

Орманның ең қатерлі жауы - өрт. «Өрт - тілсіз жау» деп тегін айтылмаған.

Өрттің шығу себептері көбінесе шөп қалдықтарын, қоқыстарды қадағалаусыз өртеген шаруа қожалықтарының жауапсыздықтарынан, демалушылар мен балық, аң аулаушылар мен малшылардың жаққан оттарын сөндірмей кетулерінен дала өртіне айналып жататынын жасыруға болмайды. Өрт қаупі туралы барлық малшыларға шаруа қожалықтарына ескертулер таратылуда.

Сонымен қатар, орман шаруашылығы қызметкерлері елді мекендерде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Десек те, алапат жалынға қарсы тұру оңай емес. Сол себепті жергілікті жұрттың да қырағылығы күшеюі тиіс. Орманды тілсіз жаудан қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Сондықтан табиғат аясында демалушыларды отты арнайы орындардан тыс жерде жақпауға, күл-қоқыстармен ластамауға және табиғатты аялап қорғауға шақырамыз.

Табиғи байлығымызды қорғап, келер ұрпаққа сақтап, аманат ету - бәріміздің борышымыз. Табиғатты аялайық, өрттен қорғайық ағайын!

А. ҚҰТБАЕВ
«Қапал орман шаруашылығы» КММ Ақсу-Арасан орманшылығының орман шебері

ЗАҢ

ЗАҢДЫ БІЛМЕУ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТПАЙДЫ

ӨМІРГЕ КЕЛГЕННЕН КЕЙІН ОТБАСЫН ҚҰРУ, БАЛА СҮЮ, ОЛАРДЫ ШАМА-ШАРҚЫНША ТӘРБИЕЛЕУ – ҚОҒАМНЫҢ ӘРБІР АЗАМАТЫ МЕН АЗАМАТШАСЫНЫҢ АДАМИ ПАРЫЗЫ БОЛЫП САНАЛАДЫ. ҰРПАҚ МӘСЕЛЕСІ ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ ЕҢ БАСТЫ, ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛГЕН.

Алайда өз парызы мен міндетін түсінбейтін, бала-шағаның тәрбие мәселесіне бейжай қарап, өзінің ұрпағы алдындағы міндетін орындамайтын адамдардың да ортамызда жүргені жасырын емес. Өкінішке орай осындай жауапкершілігі жоқ азаматтар заңды белінен басып жүргендерін білмейді.

Бірақ заңды білмеу оларды жауапкершіліктен босатпайтынын естен шығармағандары жөн.

Қазақта «Ауруын жасырған өледі» деген мақал бар. Сондықтан біз «Алатау» қоғамдық-саяси газеті арқылы осындай жауапкершіліксіз әкелердің орынсыз іс-әрекеттерін жариялағымыз келеді.

Борышкерлер өздерінің іс-әрекеттерімен «Аткарушылык іс жүргізу және сот орындаушылардын мәртебесі туралы» Заңын өрескел бұзып, әкімшілік жазаға тарту туралы ескертілседе жауапкершіліктен қашып жүр.

Заң барлық адам үшін бірдей. Сондықтан да дүниеге әкелген балаларын тағдыр тәлкегіне калдырып, әкелік парызын өтемейтін мұндай азаматтар заң алдында шүбәсіз жауап беретінінестен шығармағандары жөн.

А.Н.НҰРАХМЕТОВА
Жетісу облысы өңірлік жеке сот орындаушыларпалатасының жеке сот орындаушысы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

ТІЛ ТАҒЛЫМЫ ЕЛ ТАҒЛЫМЫ ДЕГЕН АТАЛЫ СӨЗ БАР. СОНДЫҚТАН ТІЛІМІЗДІ ТҮЗЕТІП, ЖАС ҰРПАҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЖЕТІК МЕҢГЕРЕТІН ДӘРЕЖЕГЕ ЖЕТКІЗУ БАРШАМЫЗДЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ БОЛСА КЕРЕК. ДЕМЕК, ТІЛІМІЗДІҢ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРСАҚ, ЕЛІМІЗДІҢ ДЕ МӘРТЕБЕСІ АСҚАҚТАЙ ТҮСЕРІ АНЫҚ.

Баршамызға белгілі, мемлекеттік тіл – бүкіл қазақстандықтардың тілі. Сондықтан да «Мемлекеттік тілдің проблемасы – тек қазақ халқының ғана проблемасы» - деп қарауға болмайды. Әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуге міндетті. Онсыз ол мемлекеттік тіл болып есептелмейді. Конституциялық талап осы. Оған қоса мәдениеті жоғары адам басқа тілдерді білуге өзі де ұмтылуға тиісті. Басқа шет елдерде халқының тілін білмесең, лауазымды қызметке орналасуды былай қойғанда, тіпті күніңді де көре алмайсың.

Елімізде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Ал бұл істің шешуі шыдамдылық пен табандылықты талап етеді және тілді үйрету зорлықпен емес, шынайы ынтамен ыңғайланатын шаруа. Ықыласы ауып, зейін қойса әркім ақ, меңгеріп кететіні талассыз. Тіптен, жастарымыз қазір интернет арқылы шет тілдерді де тәп тәуір меңгеріп жүр ғой.

Қазақ тілін білуге міндеттеу ешкімнің құқығына қол салғандық болмайды. Мемлекеттік тілді білу – кәсіби талап. Қазақстандағы жастар мынаны білуі тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеуге мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді. Уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар - өз функцияларыңды қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек. Бұл әбден қалыпты және өркениетті шарт.

Сайып келгенде, әрбір аразамат, әрбір отбасы өздерінің Қазақстан мемлекетінің азаматы екенімізді жан-жүрегімізбен түсініп, болашақ ұрпаққа Отан алдында жауапты екенін ұғындырсақ, тіл мәдениетін көтеріп, оның ішінде өзге тілдерге көлеңке түсірмей, өз тіліміздің мәртебесін арттырып, қолдану аясын кеңейтуімізге әбден болады.

Айнұр СЕЙІЛХАНОВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОВЕТЫ СПЕЦИАЛИСТА

КАК ПРАВИЛЬНО ПОДАТЬ В СУД ИСК

МЫ ПОВСЕДНЕВНОЙ РАБОТЕ ЧАСТО ВСТРЕЧАЕМ, ЧТО ГРАЖДАНЕ, КОТОРЫЕ ОБРАЩАЮТСЯ В СУД С ИСКОМ НЕ ЗНАЮТ ПОРЯДОК ПОДАЧИ И ПРАВИЛЬНОЕ ЗАПОЛНЕНИЯ ИСКОВОГО ЗАЯВЛЕНИЯ И СОЗДАЮТ СЕБЕ ВОЛОКИТУ. ПОЭТОМУ, В СЕГОДНЯШНЕЙ СТАТЬЕ ХОТЕЛИ ДАТЬ ПОЯСНЕНИЕ НА ЭТУ ТЕМУ. НЕОБХОДИМО ОТМЕТИТЬ, ЧТО СОБЛЮДЕНИЕ НАДЛЕЖАЩЕЙ ФОРМЫ ИСКОВОГО ЗАЯВЛЕНИЯ - ОДНО ИЗ ВАЖНЫХ УСЛОВИЙ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ПРАВА НА ПРЕДЪЯВЛЕНИЕ ИСКА. ИСКОВОЕ ЗАЯВЛЕНИЕ ПОДАЕТСЯ ОБЯЗАТЕЛЬНО В ПИСЬМЕННОМ ВИДЕ И ДОЛЖНО СОДЕРЖАТЬ ОПРЕДЕЛЕННЫЕ РЕКВИЗИТЫ, УКАЗАННЫЕ В СТАТЬЕ 150 ГРАЖДАНСКОГО ПРОЦЕССУАЛЬНОГО КОДЕКСА РК.

Наряду с тем, что в исковом заявлении должны содержаться общие для всех категорий дел сведения, его содержание должно отражать специфику спора, подлежащего разрешению. В нем, независимо от характера спора, должно быть указано наименование суда, в который подается исковое заявление, а затем обозначены все необходимые сведения об истце (ф.и.о., место регистрации и фактического проживания, телефон, а, в необходимых случаях - год рождения). Такие же сведения должны содержаться и об ответчике.

Если же одной из сторон является организация, то, помимо точного наименования в соответствии с зарегистрированным уставом, должно быть указано и место её нахождения.

Необходимо четко указать обстоятельства, на которых истец основывает свое исковое требование к ответчику, а также доказательства, подтверждающие обстоятельства, изложенные истцом в обоснование своих требований.

Важное значение имеет точное изложение того материально-правового требования истца к ответчику, которое составляет предмет иска. Исковое требование определяется характером спорного правоотношения, из которого вытекает требование истца. По существу просьба истца, реализованная в виде этого требования, и составляет просительный пункт искового заявления. От того, насколько четко и юридически грамотно сформулировано исковое требование, зависит и уяснение позиции, занимаемой истцом.

В связи с этим закон подчеркивает, что истец в исковом заявлении должен указать, в чем заключается нарушение или угроза нарушения прав, свобод и законных интересов истца и его требования. В исковом заявлении могут содержаться сведения о номерах телефонов, факсов, адреса электронной почты истца, его представителя, ответчика, иные сведения, имеющие значение для рассмотрения и разрешения дела, а также излагаться ходатайства истца.

Такие ходатайства могут носить разнообразный характер и касаться, в первую очередь, его просьб, связанных с собиранием доказательств, вызовом свидетелей, назначением экспертизы, разрешением вопросов об обеспечении иска, привлечением в процесс других участников процесса.

Дария ДАНИЯРҚЫЗЫ,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС Алматинской области.

АЛИМЕНТЫ

КАЖДЫЙ РОДИТЕЛЬ ДОЛЖЕН ВЫПОЛНЯТЬ СВОИ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА

Мы исполняем решение суда. А выполнение судебного акта всем обязателен. Взыскание долгов - неприятный процесс. Нередко сталкиваемся с конфликтами и испытываем стресс, поскольку, что при вынесении судебного акта одна сторона всегда остается недовольной. С этим недовольством приходится работать нам, а именно в принудительном порядке исполнять указанное решение суда, если добровольно вторая сторона его не исполнила. Многие не понимая, даже возможно и понимая специально проявляют агрессию в отношении ЧСИ хотя они лишь исполняют свою работу.

По долгу службы мы сталкиваемся и с такими людьми, которые прекрасно зная требование закона и наступление ответственности стараются любыми способами уклониться от уплаты долгов. Обычно они приводят такие поводы, как не имеют постоянного место работы, находятся в длительном лечении, либо показывая минимальную зарплату, укрывают свои реальные доходы. В числе их много отцов-алиментчиков, которые своим родным детям с великим трудом уплачивают положенные алименты, создавая определенные волокиты.

Выплата алиментов - это обязательные платежи, которые должен производить родитель, не проживающий с ребенком, для обеспечения его содержания и развития. Однако, несмотря на общественное сознание о важности уплаты алиментов, ситуация в нашей стране далека от идеала, и многие родители не исполняют свои обязательства по уплате алиментов, оставляя наедине со многими проблемами многодетные и неполные семьи.

Таким образом, ответственность должников за неуплату алиментов – это очень важный вопрос, который требует внимания со стороны государства, общественных организаций и граждан. Данная категория исполнительных производств о взыскании алиментов всегда находится на особом контроле у органов прокуратуры и руководства Региональной палаты частных судебных исполнителей. В отношении должников, уклоняющихся от уплаты алиментов на содержание своих несовершеннолетних детей принимаются частными судебными исполнителями самые строгие меры воздействия, направленные на принудительное исполнение требований исполнительного документа о взыскании алиментов.

В целом, ответственность должников за неуплату алиментов - это важный фактор в обеспечении социальной защиты детей и поддержки семей, в которых они воспитываются. Необходимо понимать, что неуплата алиментов наносит непоправимый вред детям и может вызывать многие проблемы в будущем. Поэтому, каждый родитель должен быть ответственным и выполнять свои обязательства по уплате алиментов своевременно. В противном случае, он может быть привлечен к ответственности в соответствии с действующим законодательством.

Салима МАНАТ,
частный судебный исполнитель исполнительного округа области Жетісу.

г.Талдыкорган.

КУЛЬТУРА СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ

В ЦЕЛЯХ ПОВЫШЕНИЯ ИМИДЖА СУДЕБНОЙ ВЛАСТИ

Повышение культуры проведения судебных процессов является важным условием обеспечения эффективности правосудия и повышения имиджа судебной власти. Более того, актуальность данной темы заключается еще в том, что осуществление правосудия в точном соответствии с законом обеспечивает предупредительное и воспитательное воздействие судебных решений.

Порядок в судебном заседании достигается через точное соблюдение процессуальных норм, а также норм судебной этики всеми участниками (судом; лицами, участвующими в деле; иными участниками процесса). К общим условиям судебного разбирательства относится и определенный законом порядок судебного заседания, которым обеспечивается уважение к суду и возможность благоприятного рассмотрения дела.

Немаловажное значение для повышения культуры судебных процессов имеет внешняя обстановка суда. Высокая культура судебного процесса требует хорошей, добросовестной подготовки к рассмотрению дела судей, прокурора, адвоката, глубокого знания ими дела.

Поддержание порядка в судебном заседании возлагается на председательствующего. Осуществляя руководство судебным разбирательством, он обеспечивает и соответствующую организацию процесса.Одним из обязательных условий культуры судебных процессов является своевременное открытие судебного заседания, а также соблюдение времени перерывов и распорядка судебного заседания.

Особый порядок открытия судебного заседания, объявления судебных постановлений, обращения участников процесса к судье, другие правила гарантируют нормальную процессуальную деятельность суда.

В настоящее время введенная обязательная система аудио-, видеозаписи всего судебного разбирательства способствует обеспечению законности, объективности, а также порядка и дисциплины всех участников процесса.

Рассмотрение дел должно проводиться судами на основе точного соблюдения законности, в полном соответствии с процессуальным законодательством. Председательствующий по делу по делу призван обеспечивать лицам, участвующим в судебном заседании, возможность реального осуществления прав, предоставленных им законом, соблюдать нормы, гарантирующие равенство сторон.

Сәтжан СЕИІТКЕРІМ,
старший судебный пристав Коксуского районного суда.

ПДД

В НАШЕ ВРЕМЯ АВТОМОБИЛЬ УЖЕ НЕ СЧИТАЕТСЯ РОСКОШЬЮ, А СКОРЕЙ ВСЕГО СРЕДСТВОМ ПЕРЕДВИЖЕНИЯ. И ДЛЯ МНОГИХ ВОДИТЕЛЕЙ ЧАСТНЫЙ ТРАНСПОРТ ЯВЛЯЕТСЯ ИСТОЧНИК ОМ ДОХОДА ДЛЯ СОДЕРЖАНИЯ СЕМЬИ. В НАШЕМ СКОРОТЕЧНОМ ВРЕМЕНИ ВСЕ ЛЮДИ ВСЕГДА КУДА-ТО СПЕШАТ ИЛИ ОПАЗДЫВАЮТ, К ЭТОМУ ИНОГДА ЕСТЬ СВОИ ОБЪЕКТИВНЫЕ ПРИЧИНЫ КАК ПРОБКИ НА ДОРОГАХ И.Т.Д. ПОЭТОМУ, ЧТОБЫ НАВЕРСТАТЬ УПУЩЕННОЕ ВРЕМЯ ИЗ - ЗА ПРОСТОЯ НА ПРОБКАХ, ВОДИТЕЛИ ПОРОЙ ИГНОРИРУЯ ДОРОЖНЫЕ ЗНАКИ НАЖИМАЮТ НА ГАЗ. ПОТОМ КОГДА ПРИЛЕТАЮТ ИЗВЕЩЕНИЯ СОЛИДНЫЕ СУММЫ О ШТРАФАХ ЗА ТО ИЛИ ИНОЕ НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ ДОРОЖНОГО ДВИЖЕНИЯ КУСАЮТ ЛОКТИ.

СПЕШКА – ПЛОХОЙ СОЮЗНИК

Чтобы не испытывать такое огорчение надо строго соблюдать ПДД и стараться подчиниться дорожным знаком и сигналам светофора.Как говориться «Тише едешь дальше будешь!».Тогда ваш автотранспорт будет служит вам как средство для передвижения или существования, а не источником расходов для оплаты штрафов.

Пользуясь случаем хочу напомнить участникам дорожного движения, что новом году в Казахстане выросли размеры штрафов в связи с увеличением размера месячного расчетного показателя (МРП), установленный законом РК «О республиканском бюджете на 2025−2027 годы», который с 1 января равен 3 932 тенге. По сравнению с прошлым годом он вырос на 6,5%.

По сообщению источника Zakon.kz теперь 10 МРП, или 39 320 тенге, водителю придется заплатить если он не пропустил пешехода (статья 600 КОАП). 50 МРП, или 196 600 тенге — за управление автомобилем при лишении прав (часть 3 статьи 612) и за оставление водителем места ДТП (часть 2 статьи 611 КОАП).

Для пешеходов, пассажиров и иных участников дорожного движения штрафы поменьше. За переход дороги в неположенном месте или на красный свет — 2 МРП, или 7864 тенге (статья 615 КОАП). Неуплата за проезд в общественном транспорте (статья 622) обойдется также в 2 МРП, или 7864 тенге.Эту же сумму придется выложить за пользование водителем телефоном во время движения (статья 591 КОАП), а также за езду без ремня безопасности (статья 593), парковку в неположенном месте (статья 597), а также управление автомобилем без документов (часть 1 статьи 612 КОАП).

За превышение скорости штрафы поднимутся не только из-за роста МРП, но также из-за упомянутых поправок. Так, за превышение скорости на 60 и выше км/ч от разрешенной вводится более строгая административная ответственность в виде штрафа размером 40 МРП (часть 3−1 в статью 592 КОАП) — 157 280 тенге.

Одним словом, все штрафы за превышение скорости и другие нарушения ПДД изменились в республике и соответственно увеличились и все платежи, размеры которых исчисляются в МРП. В том числе это государственные пошлины и административные взыскания, то есть штрафы, которые особенно актуальны для автовладельцев страны. Их размеры указаны в Кодексе РК об административных правонарушениях.

Эльмира МУСАБАЕВА,
руководитель администратора Талдыкорганского специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВОЛЕЙБОЛ

«ЖЕТІСУ» КӨШ БАСЫНА ЖАЙҒАСТЫ

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЛИГА КОМАНДАЛАРЫ АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҮШІНШІ ТУРЫНДА ОРТАЛЫҚ МАТЧ «БЕРЕЛ» (ӨСКЕМЕН) МЕН «ЖЕТІСУ» (ТАЛДЫҚОРҒАН) АРАСЫНДА ӨТТІ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ KAZINFORM.

Осы ойынға дейін кездесулерін жеңіспен аяқтап келген Ришат Гилязутдинов жаттықтыратын өскемендіктер алда келе жатқан болатын.

Талдықорғандықтар кездесуді сәтті бастады – 25:23. Олар екінші кезеңде 24:21 есебімен алда тұрды. Бірақ сол мүмкіндіктерін пайдалана алмай, есе жіберіп қойды – 26:28.

Үшінші сетті өскемендіктер өз есебіне жазды – 25:23. Төртінші кезеңде «Жетісу» 26:24 есебімен жеңіп, таразы басын теңестіріп кетті де бесінші партияда шығыс қазақстандықтарға дес берген жоқ – 15:9. Сөйтіп жалпы есеп – 3:2, талдықорғандықтардың пайдасына шешілді.

«Жетісудан» Карина Денисова, «Берелден» Кристина Белова үшінші турдың үздік ойыншысы атанды.

Осылайша, жеңіс санын 19-ға жеткізіп, 58 ұпай жинаған талдықорғандықтар турнир кестесінде көш бастады. Өскемендіктер 55 ұпаймен екінші орынға сырғыды.

БОКС

KAZINFORM ДЕРЕККӨЗІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКСШЫ ҚАМШЫБЕК ҚОҢҚАБАЕВ КӘСІБИ МАНСАБЫН АЯҚТАҒАНЫ ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ БАС БАПКЕРІ ҚАЙРАТ СӘТЖАНОВ МӘЛІМ ЕТТІ.

ҚАМШЫБЕК ҚОҢҚАБАЕВ КӘСІБИ МАНСАБЫН АЯҚТАДЫ



Қамшыбек Қоңқабаев 1991 жылы 18 қараша күні Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қазірге дейін Токио Олимпиадасының қола жүлдегер болса, әлем чемпионатында 2017, 2019 жылдарда екі мәрте күміс медаль иегері атанды. Сондай-ақ 2022 жылы Жазғы Азия ойындарының екінші орын алса, Азия чемпионатында төрт мәрте жүлдегер қатарынан көрінді. Ол Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері. Ел біріншілігінің чемпионы және жүлдегері.

Одан бөлек Қамшыбек кәсіпқой бокста 6 жекпе-жек өткізді. Оның төртеуінде жеңіске жетіп, екі мәрте жеңілістің ащы дәмін татты.

Еске салсақ, Қамшыбек Қоңқабаев соңғы жекпе-жегін Париж олимпиадасы аясында өткізіп, алғашқы жекпе-жегінде испаниялық Аюб Гадфа Дриссиден жеңіліп қалды.

Одан кейін қайтадан шаршы алаңнан көрінген жоқ.

СЕМСЕРЛЕСУ

ЖАСӨСПІРІМДЕР – ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

ҚАЗАҚСТАН ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚҰРАМАСЫ ШПАГАМЕН СЕМСЕРЛЕСУДЕН БАХРЕЙННІҢ МАНАМА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ӘЛЕМ КУБОГЫ КЕЗЕҢІНДЕ АЛТЫН МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ KAZ.NUR.KZ ЕЛІМІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДА КОМИТЕТІНЕ СІЛТЕМЕ ЖАСАП ХАБАРЛАЙДЫ.

Командалық жарыста Қазақстан намысын Нұржан Әбжанов, Алексей Касаткин, Ғабиден Мұстафин және Кирилл Проходов қорғаған.

Ширек финалда біздің семсерлесушілер Сауд Арабиясынан 45:36 есебімен басым түскен. Ал жартылай финалда қазақстандықтар Қытай құрамасын 45:25 есебімен ойсырата жеңген.

Шешуші кезеңде Қазақстан құрамасы Франциямен кездескен. Семсерлесу барысында ұлттық құрама есе жіберіп жатса да, камбэк жасап, 44:43 есебімен жеңіске жеткен.

Қыздар құрамасы төртінші орынға ие болған. Ұлттық құрама сапында Каролина Фомина, Кристина Красикова, Наталья Зинякова және Арина Яковлева өнер көрсеткен.

ДОПТЫ ХОККЕЙ

«АҚЖАЙЫҚ» ҚАРСЫЛАСЫН ОЙСЫРАТА ҰТТЫ

KAZINFORM ДЕРЕККӨЗІНІҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША, ДОПТЫ ХОККЕЙДЕН РЕСЕЙДІҢ ЖОҒАРЫ ЛИГАСЫНДА ОЙНАЙТЫН «АҚЖАЙЫҚ» КОМАНДАСЫ «ЖАСТАР» СТАДИОНЫНДА «ВОЛГА-ЧЕРЕМШАНМЕН» (УЛЯНОВСК) ЕКІ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.

Бірінші матч айдын иелерінің айқын басымдығымен өтіп, Николай Шавалдиннің шәкірттері 17:4 есебімен жеңіске жеткен еді.

Екінші күнгі ойын әлдеқайда тартысты өтіп, бірінші таймда алдымен қонақтар есеп ашып, алда тұрды. Дегенмен өз шеберлігінің басым екенін көрсеткен оралдықтар таразы басын өздеріне аудара біліп, қарсыласын 9:5 есебімен ұтты.

«Ақжайықтан» ресейлік шабуылшы Максим Пахомов пен команда капитаны Максим Өтебалиев үш-үштен гол соғып, жеңіске сүбелі үлестерін қосты. Тағы бір ресейлік Артем Лапшин қос голдың авторы атанса, Рауан Исалиев те құр кеткен жоқ.

Осы ойыннан кейін 39 ұпай жинаған батыс қазақстандық клуб екінші топта әзірге бірінші орынға көтерілді.

«Ақжайық» келесі кездесулерін 26-27 қаңтарда Оралда «Локомотив» (Орынбор) командасымен өткізеді.

Еске сала кетейік, бұдан бұрын «Ақжайық» қатарынан тоғыз кездесуінде жеңіске жеткен еді.

ЕРКІН КҮРЕС

ГРАН-ПРИ ТУРНИРІНДЕ ҚОС АЛТЫНДЫ ҚАНЖЫҒАЛАДЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕРКІН КҮРЕС ШЕБЕРЛЕРІ ГҮЛДАНА БЕКЕШ ПЕН ЭЛЬМИРА СЫЗДЫҚОВА ФРАНЦИЯНЫҢ НИЦЦА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН АНРИ ДЕГЛАН ГРАН-ПРИ ТУРНИРІНДЕ АЛТЫН МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.



Аталмыш жарыста Бекеш 59 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанса, Сыздықова 76 келіге дейінгі салмақта алтын медаль иеленді. Бұл турнир спортшылар үшін жаңа маусымдағы алғашқы жарыс болды.

Айта кетейік, өткен жылы Гүлдана Бекеш жастар арасында Азия чемпионатында қола медаль еншілесе, Эльмира Сыздықова 2024 жылы ересектер арасында құрлық біріншілігінің қола жүлдегері атанған болатын.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

Сантехникалық жұмыстар жасаймын.
Тел: 8 747 388 83 66

Сантехникалық жұмыстар жасаймын.
Тел: 8 705 726 99 18

Жүк жеткізіп береміз, эвакуатор да бар. Қала іші мен қалааралық бағыттарға барамыз.
8 705 555 96 31

• Мектеп асханасына наубайшы керек. **8 707 343 29 86**

• Қолдың сары майы мен құрт сатамыз. Қапал ауылынан келеміз **8 771 559 9582**

• Жөндеу жұмыстарынан кейін үй жинаймыз, тазартамыз. **8 708 568 04 16**

• Жүк машинасымен жүк тасимын. Тел: **8 707 585 14 70**

• Құрылыс және әрлеу жұмыстарының барлық түрін жасаймыз: дәнекерлеу, қабырғаларға левкас, ламинат, декор панель, т.б. 8 700 981 09 83

• Отын кесемін тел: **8 708 621 74 96**

• Ауылды жерде фазенда сатылады, үй 2 қабатты, ішінде су, свет, душ, дәретхана бәрі бар. Қыстық-жаздық қорасымен, жайылымға ыңғайлы. Малға жайлы жер. Бөліп төлеуге келісемін. Баға келісімді.
8 778 520 53 73.

• Талдықорғанда «Мерекелік» саяжайда үй сатылады. 4 бөлмелі. Монша бар. Су, свет, газ бәрі келіп тұр. Тел: **8 707 991 05 09**

Заказ қабылдаймын ИП Ұлан
8 702 408 26 57

Мына куәлікті тауып алдық. Іздеп жүрсеңіз хабарласыңыз. Тел: **8 705 359 09 74**

Пирогтар пісіруге тапсырыс қабылдаймын. **Тел: 8 708 789 65 48**

ДЕЗИНФЕКЦИЯ ҚЫЗМЕТІ

Адамдар мен Үй жануарлары үшін қауіпсіз тек сертификатталған дезинфекциялық құралдар

Дезинфекциялық жұмыстарды заманауи және қуатты, жоғары сапалы құралмен жүргізу. Тарақандар мен құмырсқалардан, бүргелерден және т.б. жәндіктерді 100% иіссіз, кәсіби және қауіпсіз жою.

20-60 минут ішінде барамыз

24/7 жұмыс істейміз.

1 айға дейін кепілдік және жеңілдіктер де бар.

Тел: 8 702 668 88 90

			Предшественник бумаги	Заварной ...		И гуляш, и бефстроганов		Дама из высших кругов		Её готовят по-пекински
			Морское сокровище	"Коллективная" валюта		"Юрта" на Севере		... доброй воли		Индуподводник
			Фото		Дзюдо, "ремень"		Сорняк, колющий руки		Трибунных дел мастер		Минерал класса фосфатов
Лимонад из Франции		Музыка с неровным ритмом		Молекула наследственности							
"Дом" Гефеста		Подводное углубление						"Руль" парашюта			
				Медицинская процедура		Старинный город на Волге		Янтарь до окаменения		Весть о грядущем фильме		"Гауптвахта" для малыша
Кровь "Кровавой Мэри"		"Кузен" бизона					Хартия иначе					
			"Пшеница" инков		Коровий корм				Страдают от дурной головы			
Избирает понтифика	Итальянка ... Мути		Титул Екатерины Дашковой		Африканец, попавший на Русь		... вокруг оси					
							Виктор ... Гюго		Новый каменный век		"Нестандартный" атом		"Инструмент" официанта
... Уизли				Сербский, алжирский		Коренные жители Сургута						"Канат" в мире флоры	
Спутник Нептуна						Канал между озёрами		И не борода, и не усы		Беда, несчастье	
Самоназвание грека		"... инженера Гарина"									
					Оманская валюта					Дворянин из Эдинбурга	
Отделочник с кистью		... Бегвадзе					Спортивная форма дзюдоистов					
					Остров, где жила Ариадна					"Доставка" мяча партнёру		

Тарату аумағы: *Қазақстан Республикасы*

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші
Зарина БЫЖЫБЕК – корректор-журналист

Кезекші редактор: З.БЫЖЫБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 73
Индекс 15534